

Жоба туралы қысқаша ақпарат

Жоба аты	AP19677682-КС-23 «Қазақстан Республикасының ірі қалаларының тұрақты дамуын кешенді географиялық бағалау»
Жоба өзектілігі	Бұл зерттеуде екі ғылыми тәсіл – орнықты дамудың үштұғырлы тұжырымдамасы және кешенді географиялық бағалау негізінде Қазақстанның 20 ірі қаласының орнықты дамуының экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық индикаторлары қарастырылатын болады. Ірі қалалардың тұрақты даму деңгейін объективті (статистикалық деректер негізінде) және субъективті бағалау (әлеуметтік сауалнама негізінде) жүзеге асырылады. Жобаның республикалық және әлемдік ауқымдағы маңыздылығы Республика қалаларының тұрақтылығының болжамды көрсеткіштерін мониторингілеу, басқару және әзірлеу үшін қалалардың тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша Web-қосымша және геодеректердің кеңістіктік базасын құру болып табылады.
Жоба мақсаты	Жобаның мақсаты – әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және экологиялық көрсеткіштерді кешенді географиялық талдау негізінде ГАЖ технологияларын пайдалана отырып, Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты даму деңгейін бағалау.
Жоба міндеттері	<ol style="list-style-type: none">1. Қаланың тұрақтылығын зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздерін талдау. Халықтар географиясы, урбанизация және тұрақты даму саласындағы әлемдік тәжірибені, шетелдік және Қазақстандық ғалымдардың, экономистердің, әлеуметтанушылар мен географтардың еңбектерін зерделеу қажет.2. Қалалардың тұрақты дамуын зерттеудің әдістемелері мен әдіснамалық тәсілдерін зерттеу. Зерттеулердің қолданыстағы әдістері мен әдіснамалық тәсілдерін талдау Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштерін анықтауға және Қазақстанның тұрақты дамуын бағалаудың өзіндік әдістемесін жасауға көмектеседі.3. Қазақстан қалаларының тұрақты дамуының негізгі әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және экологиялық көрсеткіштерін таңдауды және олар бойынша статистикалық деректерді жинауды негіздеу. Алынған статистикалық деректер Қазақстан қалаларының тұрақты дамуының кешенді географиялық бағалауын жүргізуге мүмкіндік береді.4. Республикалық маңызы бар үш қалаға және 17 облыс орталығына 2000-2022 жж. динамикалық экономикалық-географиялық баға беру. Бұл қалалардың кешенді географиялық сипаттамасы олардың дамуындағы негізгі тенденцияларды, қауіп-қатерлерді және теңгерімсіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді.5. Қалалардың тұрақты дамуын бағалаудың үш өлшемді моделі негізінде Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты даму деңгейіне объективті интегралды баға беру. Объективті

	<p>интегралды бағалау қалалардың тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштерінің интегралды индекстерін сандық талдауды қамтиды.</p> <p>6. Зерттелетін қалалардың тұрғындарына әзірленген әлеуметтік сауалнама негізінде Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты даму деңгейіне субъективті баға беру. Сауалнама халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>7. Қазақстанның ірі қалаларының дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша құрылған геодеректер базасының негізінде ArcGIS Desktop платформасында Республиканың жиырма қаласының тұрақтылық көрсеткіштерінің үш блогы бойынша тақырыптық цифрлық карталарды әзірлеу және құрастыру. Тақырыптық цифрлық карталар Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты даму деңгейін кешенді географиялық бағалаудың құрамдас бөлігі болады.</p> <p>8. Картографиялық талдау және 2000-2022 жылдардағы динамикадағы объективті және субъективті бағалау нәтижелері негізінде Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты даму деңгейіне кешенді географиялық баға беру. Кешенді географиялық бағалау нәтижесінде қалалардың тұрақты даму деңгейіндегі диспропорциялар мен дифференциациялар анықталып, халықаралық ғылыми конференция өткізілетін болады.</p> <p>9. Негізгі көрсеткіштердің есептелген интегралдық индекстері негізінде Қазақстанның ірі қалаларының тұрақтылық деңгейінің типологиясын әзірлеу. Республиканың ірі қалаларының типологиясы қалалардың тұрақты дамуы деңгейі бойынша саралануын анықтауға мүмкіндік береді.</p> <p>10. Қазақстанның ірі қалаларының тұрақтылығын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу және іс-шаралар кешенін ұсыну. Ұсыныстар Қазақстан Республикасының қалаларын дамыту бағдарламалары мен стратегияларын әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Ұжымдық монографияны дайындап, басып шығару.</p> <p>11. Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты дамуы туралы Web-қосымшасын әзірлеу. Web-қосымшасында ГАЖ-қосымшалар негізінде әзірленген тақырыптық карталары бар қалалар бойынша құрылған ақпараттық-кеңістіктік деректер базасы болады. Web-қосымша республиканың ірі қалаларының тұрақты дамуын талдау, мониторингілеу және басқару үшін ақпараттық құрал ретінде қызмет ететін болады.</p> <p>12. Scopus деректер базасында кемінде 35 (отыз бес) индексі бар рецензияланған ғылыми басылымда 1 мақала немесе шолу дайындау және жариялау. ГЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымдарда кемінде 2 мақала немесе шолу жариялау.</p>
Күтілетін және қол жеткізілген нәтижелер	<p>Келісім-шарттың күнтізбелік жоспарының күтілетін нәтижесіне сәйкес:</p> <p>Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты дамуының негізгі көрсеткіштері таңдалып, олар бойынша бастапқы</p>

	<p>статистикалық деректерді жинақталатын болады. 2000-2022 жылдарға арналған қалалардың тұрақты дамуын бағалаудың үш өлшемді моделі негізінде Қазақстан Республикасындағы қалалардың тұрақты даму деңгейіне объективті интегралды бағалау жүргізілетін болады.</p> <p>Зерттелетін қалалардың халқына әзірленген әлеуметтік сауалнамасының негізінде ҚР қалаларының тұрақты даму деңгейіне субъективті бағалау жүргізілетін болады.</p> <p>ArcGIS Desktop платформасында республиканың 20 қаласының тұрақтылық көрсеткіштерінің үш блогы бойынша тақырыптық цифрлық карталар жасалатын болады.</p> <p>2000-2022 жж. динамикадағы Қазақстан қалаларының тұрақты дамуы деңгейін объективті және субъективті бағалау деректері негізінде кешенді географиялық бағалау жүргізіледі және олардың типологиясы әзірленеді. "Қалалардың тұрақтылығы: сын-тегеуріндер мен шешімдер" атты Халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылады және өткізіледі. Қазақстанның ірі қалаларының әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және экологиялық дамуы бойынша ұсыныстар мен іс-шаралар кешені әзірленетін болады. "Қазақстандағы ірі қалалардың тұрақты дамуын кешенді географиялық бағалау" ұжымдық монографиясы жарияланып, авторлық куәлік алынады. Құрылған қалалардың ақпараттық-кеңістіктік деректер базасы негізінде ҚР қалаларының тұрақты дамуы бойынша Web-қосымша әзірленетін болады. Scopus деректер базасында кемінде 35 (отыз бес) индексі бар рецензияланған ғылыми басылымда кемінде 1 мақала немесе шолу жарияланады. ҒЖБССҚК ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымдарда кемінде 2 мақала немесе шолу жарияланады.</p> <p>Келісім-шарттың 2023 жылғы күнтізбелік жоспарына сәйкес қол жеткізілген нәтижелер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. қалалардың тұрақты дамуын зерттеу бойынша ғалымдардың шетелдік және отандық еңбектері зерттеліп, "қаланың тұрақтылығы" санатының мазмұнына талдау жасалды. 2. Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты дамуын бағалаудың авторлық әдістемесін жасау үшін зерттеудің негізгі әдістері мен қалалардың тұрақтылығының негізгі индикаторлары анықталды. 3. Қазақстанның ірі қалаларының тұрақты дамуының негізгі әлеуметтік-демографиялық, экономикалық және экологиялық көрсеткіштері іріктеліп алынды және олар бойынша бастапқы статистикалық деректер жиналды. 2000-2022 жж. динамикада республиканың 3 маңызы бар қалалары мен 17 облыс орталықтарына экономикалық-географиялық бағалау жұмыстары жүргізілді.
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID,</p>	<p>1. Нюсупова Гульнара Нурмухамедовна г.ғ.д., профессор, Индекс Хирша Scopus 4, Researcher ID O-2263-2014, ORCID 0000-0001-5294-2671, Scopus Author ID 54382275400.</p>

бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер	<p>2. Алибекова Гульназ Жанатова, PhD, Индекс Хирша Scopus 5, ResearcherID FYM-6954-2022, ORCID 0000-0003-3498-7926, Scopus Author ID 57190415127.</p> <p>3. Надыров Шерипжан Марупович г.ғ.д., профессор, Индекс Хирша Scopus 2, Researcher ID DJA- 6801-2022, ORCID 0000-0003-0099-2161, Scopus Author ID 6508089352.</p> <p>4. Токбергенова Айгуль Абдугаппаровна, г.ғ.к., доцент, Индекс Хирша Scopus 3, ResearcherID O-2205-2014, ORCID 0000-0002-0776-7242, Scopus Author ID 57202334262.</p> <p>5. Темербаев Ильяс Келгенбаевич, “КАЗГИПРОГРАД” 1 жобалау институтының ЖШС директоры.</p> <p>6. Келинбаева Роза Жармухаметовна, PhD, Индекс Хирша Scopus 2, ORCID 0000-0001-6922-1205, Scopus Author ID57195229747.</p> <p>7. Мусагалиева Айжан Ниязбековна, PhD, Хирша Scopus - 1, Web of Science – 2, Researcher ID: AAG-9050-2019, ORCID: http://orcid.org/0000-0001-8041-9247.</p> <p>8. Кенеспаева Лаура Байырбековна, Индекс Хирша Scopus 1 ResearcherID GNR-7697-2022, ORCID 000-0001-5734-1947 Scopus Author ID57205169343.</p> <p>9. Тажиева Дамира Абдигафаровна, Индекс Хирша Scopus 1 ResearcherID CCA-4675-2022, ORCID 0000-0001-6824-5600 Scopus Author ID 57205169992 .</p> <p>10. Аубакирова Гаухар Болатовна, Индекс Хирша Scopus - 1 ORCID 0000-0002-5806-5638, Scopus Author ID 57205169179.</p> <p>11. Жакыпбек Абзал Мауленович, ORCID 0000-0003-2538-1287.</p> <p>12. Айдарханова Гаухар, h-индекс: 1, Researcher ID: AAY-9178-2021; Scopus ID: 57494687500; ORCID ID 0000-0001-7280-7071.</p>
Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)	<p>L.V. Kenespayeva , T.K. Rafikov , A.N. Mussagaliyeva. Analysis of the transport infrastructure of Almaty city using GIS-technologies. Вестник КазНУ. Серия Географическая. 2023; 70(3): 34-44. https://doi.org/10.26577/JGEM.2023.v70.i3.03</p> <p>2. Анесова А.Г., Жумагулов Ч.Б., Алибекова Г.Ж., Досжан Р.Д. Сравнительная оценка региональных различий по динамике ключевых экономических показателей Казахстана. Economics: the strategy and practice. 2023;18(4):147-169. https://doi.org/10.51176/1997-9967-2023-4-147-169</p>
Патент туралы ақпарат	-

Institut Prawa, Ekonomii i Administracji
Uniwersytet Komisji Edukacji Narodowej w Krakowie
Institute of Law, Economics and Administration
University of the National Education Commission, Krakow

Komisja Geografii Przemysłu, Polskie Towarzystwo Geograficzne
Industrial Geography Commission, Polish Geographical Society

Komisja Nauk Ekonomicznych i Statystyki, Polska Akademia Nauk – Oddział w Krakowie
Commission of Economic Sciences and Statistics, Krakow Branch of Polish Academy of Sciences



39. Międzynarodowa Konferencja Naukowa 39th International Scientific Conference

Zachowania przedsiębiorstw w warunkach kryzysu gospodarczego

Behaviour of companies in the economic crisis

Kraków, 4-5 grudnia / December 2023

Partnerzy konferencji / Conference Partners

Patronat honorowy / Patronage

Witold Kozłowski
Marszałek Województwa Małopolskiego



Kraków



www.przemysl.up.krakow.pl / www.industry.up.krakow.pl







